

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАҒ. ҚАЗ. ОБЛ. ОРТАН.
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
«LauRus»
2019
14 ақпан №1 шешімімен

**«LauRus2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«LauRus» бөбекжайының
ЖАРҒЫСЫ**

Орал 2024

1– тарау. Жалпы ережелер

1.1 «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, (бұдан әрі – «Серіктестік») Қазақстан Республикасында заңды тұлға болып саналады және Қазақстан Республикасы заңдарының негізі бойынша шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

Серіктестіктің толық атауы:

Мемлекеттік тілдегі атауы – «LauRus 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Орыс тіліндегі атауы – Товарищество с ограниченной ответственностью «LauRus 2019».

Ағылшын тілінде - «LauRus 2019»

Серіктестіктің қысқаша атауы

Кәсіпорын атауы: «LauRus» бөбекжайы

Мекен жайы: Қазтуған Жырау 2 үй.

1.2 Серіктестіктің мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, пошта индексі 090000, Орал қаласы, Қарашығанақ көшесі, 14/1 үй.

1.3. Қызмет ету мерзімі – шектелмеген.

2. Құрылтайшылар құрамы

2.1. Серіктестіктің Құрылтайшылары (бұдан әрі – Қатысушылары) болады:

Бижанова Гульмира Нагашибаевна – 01.05.1969 туған жылы, ЖШС мүлігіндегі үлесі – 100%, жеке куәлік №048587306, 24.08.2020 жылы, ӘМ берілген.

Тұратын жері: Қазақстан Республикасы, пошта индексі 090000, Орал қаласы, Нияткалиев Е. көшесі, 16 б үй, 2 п.

3–тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

3.1. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын, жеке дамыту бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

3.2. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

- 1) Мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психологиялық саулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салтына тарту;
- 2) Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың мүдделерін қанағаттандыру, жалпы адамдық және ұлттық құндылықтарға тарту негізінде қабілеттерін дамыту;
- 3) Мектеп жасына дейінгі балалардың өз бетімен сөйлеуге деген ынтасын, құштарлығын, еркіндігін және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- 4) Балаларға мектеп жасына дейінгі тәрбие беру мен оқытудың бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау;
- 5) Бес жастан бастап мектепке дейінгі тәрбиелеу отбасында және (немесе) мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асыру;

- 6) Мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқуға бес жастан бастап мектепалды даярлық түрінде жүзеге асыру;
- 7) Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау;
- 8) Балалардың шығармашылық, рухани, зияткерлік және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік, салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру;
- 9) Өз Отаны-Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншіліктерін және мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу;
- 10) Отандық мәдениетке тарту, қазақ халқының және республикада тұрып жатқан басқа да халықтардың салт-дәстүрімен таныстыру;
- 11) Оқытудың, білім беру ақпаратының жаңа технологиясын енгізу.
- 12) Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірігіп жұмыс істеу;
- 13) Баланың ақыл-ой, адамгершілік және дене бітімінің дамуын қалыптастыру, шығармашылық мүмкіндіктерін барынша ашу, жалпы адамдық құндылықтарға бағыттау, мектепке оқуға дайындау;
- 14) Кәсіпорында іске асырылып жатқан оқу бағдарламаларын орындау үшін жағдайлар жасау;
- 15) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие бағдарламаларын сапалы меңгеру үшін неғұрлым қабілетті және дайындығы жоғары оқушыларға оңтайлы жағдай жасау;

3.3. Кәсіпорынның міндеттері:

- 1) Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) Тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) Сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) Тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;
- 5) Ата аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;
- 6) Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдануға бағытталған өзгертін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құру.

3.4. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 2) Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыру нормаларына сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету;
- 3) Ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;
- 4) Жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

- 5-1) қысқартылған оқыту мерзімімен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- 5-2) білім беру бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру;
- 6) өз қаржы қаражаттары шектерінде мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық айлықақылар (ставкалар), қосымша ақылар, үстеме ақылар және өзге де ынталандыратын төлемдер белгілеу;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогтердің міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуін қамтамасыз ету;
- 9) білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру мен жабдықтау;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) ұсыну;
- 11) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;
- 12) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тәрбиеленушілерді тамақпен қамтамасыз ету;
- 12-1) білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- 12-2) тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету;
- 12-3) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне әкімшілік деректерді беруді қамтамасыз ету;
- 13) тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер материалдық қамсыздандыру түрлерінің уақытылы берілуін қамтамасыз ету;
- 14) тәрбиеленушілерді асырау және олардың тіршілік ету жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;
- 14-1) білім алу үшін арнаулы жағдайлар жасау;
- 15) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті табыс ету;
- 17) балаларға арналған мерекелер, ертеңгіліктер және басқа да мәдени – ойын – сауық сипатындағы іс-шаралар өткізу;

- 18) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің шығармашылық интеллектуалдық және қарым-қатынас қабілетін дамыту;
- 19) мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің дене бітімін және балалар спортын дамыту;
- 20) инклюзивтік оқытуды енгізу;
- 21) мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде электрондық форматта ұсыну сапасын және мерзімдерін жыл сайынғы (есептік (күнтізбелік) жылдың қорытындысы бойынша) бағалауды сақтау бойынша мониторинг жүргізу және бақылау;
- 22) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандартынан жоғары ақылы білім беру және сауықтыру қызметтерін ұйымдастыру.

3.5. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатын сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

3.6. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілелері жергілікті атқарушы органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

4.1. Кәсіпорынның тәрбие және білім беру қызметі мектеп жасына дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары негізінде дайындалған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

4.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасының міндеттері:

- 1) Дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- 2) Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- 3) Тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту;
- 4) Өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау;
- 5) Тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

- 6) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз ету;
- 7) Бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беру;
- 8) Бала өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-әрекеттік даму ортасын құру;
- 9) Бала бойында адамдармен және қоршаған орта заттарымен әрекеттесу сияқты әлеуметтік тәжірибені меңгеру тәсілдерін қалыптастыру;
- 10) Балаларда қоршаған орта туралы білім жүйесі мен жалпылама түсініктерін қалыптастыру, танымдық белсенділігін дамыту;
- 11) Әрбір жас ерекшелік кезеңге тән балалар іс-әрекетінің барлық түрлерін қалыптастыру;
- 12) Баланың жеке ерекшелігі мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мектепте оқуға дайындау;

5-тарау. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі

5.1. Кәсіпорынға балаларды қабылдау «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

5.2. Өтініштерді есепке алу, Кәсіпорынға қабылдауға арналған жолдамаларды рәсімдеу және беру тәртібін білім саласындағы уәкілетті орган анықтайды.

5.3. Балаларды Кәсіпорынға қабылдау кезінде тестілеуден өтпейді.

5.4. Балаларды Кәсіпорыннан шығару Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген актілермен және мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес келесі жағдайда айқындалады;

- 1) Мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптарын бұзылған;
- 2) Тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген;
- 3) Дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда.

5.4.1. Кәсіпорында тәрбиеленушінің орны:

- 1) тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде;
- 2) тәрбиеленушінің ата – анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;

3) елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар), карантин енгізілген кезеңде сақталады.

6-тарау. Кәсіпорын қызметін ұйымдастыру тәртібі.

Тәрбие және білім беру үдерісін ұйымдастыру

6.1. Кәсіпорындағы оқу – тәрбие процесі мектепке дейінгі тәрбиенің, оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. Кәсіпорын мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау шартымен тиімді тәрбиелеу – білім беру процесін қамтамасыз ету үшін (баланың жеке басының шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік негіздерін және салауатты өмір салтын қалыптастыру) педагогтарға баламалы авторлық бағдарламаларды тандау, қолдану, тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізу құқығын береді.

6.3. Кәсіпорын 1 – сыныпқа қабылданғанға дейінгі және мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады.

6.3.1. Кәсіпорын топтарының толымдылығы Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық – эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

6.3.2. Топтардың толықтырылуы мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары жас ерекшелігі бір және әртүрлі қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

6.4. Топтар тәрбиеленушілердің болу уақыты бойынша бөлінеді және толық күні болу режимі жұмыс істейді.

6.5. Кәсіпорын бес жастағы және 1 – сыныпқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай – ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, орындауды қамтамасыз етеді.

6.6. Кәсіпорын өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы;
- 2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;
- 3) Мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді Кәсіпорыннан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4) Тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1 – 31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

6.7. Кәсіпорын балаларды теңгерімді тамақтандыруды қамтамасыз етеді. Балаларды тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс режимін ескере отырып жүргізіледі, оның жиілігі Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық

– эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалады.

Кәсіпорын тәрбиеленушілерінің тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, оның ішінде пайдалы теңгерімді тамақтануды әрі табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді.

6.8. Кәсіпорын әрбір жас деңгейіне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мемлекеттік және ресми тілде білім береді.

6.9. Тәрбиелеу білім – беру процесін қамтамасыз етуде Кәсіпорындағы әр тәрбиеленушіге мыналарға кепілдік беріледі:

- 1) оның өмірі мен денсаулығын сақтау;
- 2) оның қадір – қасиетін қорғау;
- 3) дене, моральдық немесе психикалық зорлықтың барлық нысандарынан қорғау;
- 4) оның шығармашылық қабілеттері мен ынтасын дамыту;
- 5) сапалы мектепалды даярлау;
- 6) дамуындағы кемшіліктерді түзеу үшін білікті көмек алу;
- 7) бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауына және денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алу.

7-тарау. Білімді ағымдық бақылау жүйесі

7.1. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік аттестаттаудан өтеді.

7.2. Білім беруді басқарудың мемлекеттік органдары мен Кәсіпорын мамандары кезеңдік аттестаттау және тексеру жүргізу арқылы білім беру сапасын бақылайды.

7.3. Кәсіпорын басшылары мен педагогтері Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес, белгіленген мерзім ішінде аттестаттаудан өткізіледі.

8-тарау. Ақылы қызмет көрсету тәртібі

8.1. Ақылы қызмет көрсетудің тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалар негізінде анықталады.

8.2. Кәсіпорын жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетуге құқылы.

8.2.1. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға жалақы төлеуге, құралдар сатып алуға, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңның 63-бабына сәйкес тиісті дамытушы орта құруға бағытталады.

8.3. Кәсіпорын ұсынатын ақылы тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағасын Басқару органы бекітеді.

8.4. Ақылы қызмет мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетілмейді.

8.5. Ақылы қызмет тәрбиеленушілерге Кәсіпорын мен ата-аналар (заңды өкілдері) арасында жасалатын шарттар негізінде жеке кесте бойынша ата-аналардың (заңды өкілдерінің) қалауы бойынша беріледі.

8.6. Ақылы қызметті іске асыруға байланысты Кәсіпорын мен тәрбиеленуші, оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің арасындағы қарым-қатынас білім беру деңгейін, оқу мерзімін, оқуы үшін төлем мөлшерін айқындайтын шартпен реттеледі.

9-тарау. Кәсіпорынның тәрбиеленушілерімен және олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын рәсімдеу тәртібі. Білім беру үрдісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері.

9.1. Тәрбиелеу – білім беру процесінің негізгі субъектілері тәрбиеленушілер, ата-аналар немесе заңды өкілдері, тәрбиешілер және басқа да педагогтар болып табылады.

9.1.1. Кәсіпорын тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы оқыту-тәрбиелеу процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ынтымақтастық негізде құрылады.

9.2. Кәсіпорындағы білім беру үрдісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, осы Жарғы және ішкі тәртіп ережелерімен реттеледі.

9.3. Кәсіпорынның тәрбиеленушілері:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) Кәсіпорын кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

3) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін алуға;

4) ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

5) өзінің адами қасиетін, денсаулығын сақтауға;

6) оқудағы және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеуге құқығы бар.

9.4. Кәсіпорындағы тәртіп тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің адами қадір-қасиетті құрметтеу негізінде қолдау табады. Оқушыларға қатысты қара күш және психикалық зорлық көрсету әдістерін қолдануға жол берілмейді.

9.5. Ата-аналар (заңды өкілдер) мен Кәсіпорынның арасындағы қарым-қатынастар осы Жарғының ережелерімен реттеледі.

9.6. Ата-аналардың (заңды өкілдердің):

1) тәрбиеленушінің құқығы мен мүдделерін қорғауға;

2) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға;

3) Кәсіпорынды басқару органдарының жұмысына ата-аналар комитеттері арқылы қатысуға;

4) өз баласынң үлгеріміне, мінез-құлқына және оқуына жағдай жасалуына қатысты ақпаратты алуға;

5) баланы оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша Кәсіпорынның педагогтарымен және психологтарымен ақылдасуға;

6) шарт негізінде балаларына қосымша қызметтер алғызуға құқығы бар.

9.7. Ата-аналар (заңды өкілдер):

1) балаға салауатты өмір сүруі және қауіпсіз білім алуы үшін жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дене бітімінің дамуын, адамгершілігінің қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты Жарғы мен ішкі еңбек тәртібі ережесінің бөлігін орындауға;

3) ата-аналар жиналысна қатысуға, қажет болған жағдайда оқу-тәрбие үдерісі бойынша жеке педагогикалық әңгімелесу және нақтылы педагогикалық көмек көрсету үшін әкімшіліктің немесе педагогтің шақыруы бойынша Кәсіпорынға келуге;

4) тәрбиеленушінің Кәсіпорынға келуін қамтамасыз етуге;

5) бала келтірген материалдық залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуге;

6) тәрбиеленушіні белгіленген үлгідегі қажетті және спорттық киімімен қамтамасыз етуге міндетті.

9.8. Кәсіпорынның педагог қызметкерлері:

1) кәсіби қызметтің жағдайларын жасай отырып, педагогикалық қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зеттеу, тәжірибе-эксперименттеу жұмысымен айналысуға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологиялар енгізуге;

3) білім беру деңгейіне сәйкес келетін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын сақтау шартымен педагогикалық қызметті ұйымдастырудың әдістері мен түрлерін еркін таңдауға;

4) атқаратын лауазымына және мамандығына сәйкес Кәсіпорынның қызметіне қатысуға;

5) Кәсіпорынның қызметіне байланысты мәселелерді еңбек ұжымымен бірге талқылауға;

6) санатын арттыру, қызметтік өсу мақсатында біліктілігін арттыруға және мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтуге;

7) өзінің кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

8) біліктілік санатына және штаттық кестесіне сәйкес кепілдендірілген жалақысын алуға;

9) педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйақылар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық жағынан көтермеленуге;

10) Кәсіпорын әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға;

11) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, сондай-ақ жалпы орта білім беру саласына қатысты өзге де нормативтік құқықтық актілермен регламенттелетін басқа да құқықтарға ие.

9.9. Кәсіпорын қызметкерлері:

1) Кәсіпорынның Жарғысын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, лауазымдық нұсқаулықтарын, қауіпсіздік техникасы ережелері және локалдық актілерін орындауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен өз функцияларын орындауға жеке жауапкершілік артуға;

3) көрсететін білім қызметінің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес қамтамасыз етуге;

4) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімге және оқыту дағдыларына ие болуға;

5) оқыту сабақтарына мұқият дайындалуға, біліктілігін арттыруға;

6) кемінде бес жылда бір реттісті санатқа аттестаттаудан өтуге, әрбір бес жылдан кейін біліктілік санатын растауға;

7) тәрбиеленушілерді адамгершілік рухында, ата-аналарын сыйлауға, этномәдени құндылықтарды, қоршаған ортаны ықыласпен қорғауға, тәрбиелеуге;

8) тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

9) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға;

10) тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға жәрдемдесуге;

11) оқу құжаттамасын жүргізуге, бақылау жұмыстарының есептерін, талдауларын уақытылы тапсыруға және т.б;

12) медициналық тексеруден өтуге;

13) салауатты өмір салтын ұстануға және оны тәрбиеленушілердің арасында насихаттауға;

14) тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының ар-намысын және қадір-қасиетін сыйлауға;

15) педагогика әдеби нормаларын сақтауға міндетті.

9.10. Міндетін және педагогикалық әдебін бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамасында және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

9.11. Еңбек ұжымы мүшелері ретінде негізгі жұмыс орны Кәсіпорын болып табылатын барлық тұлғалар жатады (басшы және оның қызметкерлері)

9.12. Педагог қызметкерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың кәсіби міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

9.13. Кәсіпорында жұмыс істеуге сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен педагогикалық қызметке тыйым салынған адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

9.14. Педагог қызметкерлерге оқыту үрдісін саяси үгіттеу, діни насихаттау немесе тәрбиеленушілердің Қазақстан Республикасының заңдарына және Конституциясына қайшы келетін әрекеттерге баруына тиек болу мақсатында пайдалануға тиым салынады.

9.15. Педагогтардың және басқа да педагог қызметкерлердің оқу жүктемесінің көлемі оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша сағат саны, кадрлармен қамтамасыз етіл, Кәсіпорындағы басқа да нақты жағдайлар негізге алына отырып, белгіленеді.

9.16. Кәсіпорынның басшысы мен қызметкерлері арасындағы өзара қарым-қатынас еңбек шартының негізінде жүзеге асырылады. Кәсіпорындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Еңбек шартының талаптары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

10-тарау. Серіктестіктің заңды мәртебесі

10.1. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

10.2. Серіктестіктің өзінің мөрі, дербес балансы, банктерде есепшоттары, өз атауымен жазылған бланкілері болады.

10.3. Серіктестік өзінің қызметінің мақсатына жету үшін өзінің атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттерін орындауға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдарды және өкілдіктерді ашуға, басқа да заңды тұлғалармен бірлестіктерге (қоғамдарға) кіруге және өзге де заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

10.4. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша өзінің қарауындағы барлық мүлкімен жауап береді. Мемлекет Серіктестіктің қарыздары бойынша жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің қарыздары үшін жауап бермейді. Серіктестік өзінің қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, қолданылатын заңдармен көзделген жағдайларды қоспағанда.

10.5. Серіктестіктің қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің қызметіне байланысты оның шығындарына өзінің қосқан салымдарының құны мөлшерінде тәуекел етеді.

10.6. Серіктестік қолданылатын заңдарға сәйкес облигацияларды шығаруға құқылы.

11-тарау. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаттары және қызмет түрі

11.1. Серіктестіктің қызметінің негізгі мақсаты табыс табу болып саналады. Серіктестік Қазақстан Республикасында қолданылатын заңдарымен тыйым салынбаған қызметтердің барлық түрін атқара алады.

11.2. Тізімі заң актілерімен белгіленген кейбір қызмет түрлерімен, Серіктестік лицензия негізінде шұғылдана алады.

12-тарау. Серіктестік Қатысушысының құқықтары және міндеттері

12.1. Серіктестіктің Қатысушысы құқылы:

1) Осы жарғымен және Қазақстан Республикасы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктері туралы» Заңымен белгіленген тәртіп бойынша Серіктестіктің істерін басқаруда қатысуға;

2) Серіктестіктің жарғысында көзделген тәртіппен серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамаларымен танысуға;

3) Серіктестіктің қызметінен Заңға, серіктестіктің құрылтай құжаттарына және оның Қатысушысының шешіміне сәйкес табыс табуға;

4) Серіктестік таратылған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бөлігінің құнын немесе заттай түрінде алуға;

5) Заңда көзделген тәртіппен өз үлесін бөліп алу арқылы Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

6) Заңда және (немесе) Серіктестіктің жарғысында қарастырылған олардың құқықтарын бұзатын серіктестік органдарының шешімдеріне қарсы сот тәртібі бойынша дауласуға құқылы.

12.2. Серіктестіктің Қатысқандарлары міндетті:

1) құрылтай құжаттарының талаптарын орындауға;

2) салымдарды құрылтай құжаттарында көрсетілген тәртібі, мөлшері, әдістері бойынша және мерзімдерде салуға;

3) Серіктестікпен коммерциялық құпия деп жарияланған мәліметтерді жария қылмауға;

4) Серіктестіктің Қатысушысының тізімі жүргізілген жағдайда Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 17-бабының 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес мәліметтерің өзгеруі туралы атқарушы, сонымен қатар тіркеуші органды жазбаша түрде хабардар етуге.

12.3. Серіктестіктің Қатысушысы заңдармен көзделген басқа да құқықтарды (міндеттерді) иелене (атқара) алады.

13-тарау. Серіктестіктің мүлкі

13.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы **10 000 (он мың)** теңге құрайды.

13.2. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде ақша, құнды қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалану және интеллектуалды қызмет нәтижелерін пайдалану құқықтары, және тағы да басқа мүліктер жатады. Салымдарды жеке меншік мүліктік емес құқықтар түрінде және заттық емес құндар түрінде салуға болмайды.

13.3. Серіктестіктің мемлекеттік тіркеу кезіне жарғының қаржысы толықтай белгілі нысанға келтіру.

13.4. Серіктестіктің дүние-мүлігі жарғының қаржысы арқасында оның қатысқандарының үлестерінің белгілі нысанға келеді, табыстардың ал-серіктестікпен, ал да өзге бастаулардың емес тыйады заңнама..

13.5. Активтің ортақ құны орташа үшін жылды үш миллион еселік есептік көрсеткіштің аспау керек.

13.6. Шешім қатысқандарлардың мүмкін өзгерілген серіктестіктің жарғының қаржысының өлшемі.

Серіктестіктің жарғының қаржысының аумақтауы жолымен, қатысушымен жаңа-қосымша үлестердің жүзеге асу білетін, арқасында серіктестіктің меншікті қаржысының, соның ішінде арқасында оның сақтық қаржы, жаңа қатысқандар қабылдау құрам серіктестік.

Заңнамамен тіркеуді тағайындау ең төмен өлшемнің серіктестігінің жарғының қаржысының кемуі төмендігін тыйады..

14-тарау. Серіктестіктің органдары

14.1. Серіктестіктің жоғарғы органымен серіктестіктің құрушысының шешімі болып табылады.

Серіктестіктің жоғарғы органының ерекше құзыретіне келесі мәселелерді шешу жағдайы болады:

1) Серіктестіктің жарғысын өзгерту, сонымен қатар жарғылық капиталының мөлшерін, мекен-жайын және фирмалық атауын өзгертуді немесе Серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға тапсыру туралы шешімді қабылдау және сол тапсырудың шарттарын белгілеу;

3) жылдық қаржылық есеп беруді бекіту және таза түсімді бөлу;

4) Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін және басқа да құжаттарды бекіту;

5) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерде және коммерциялық емес ұйымдарда қатысуы туралы шешу;

6) Серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім;

7) Таратушы комиссияны тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

8) Серіктестік қатысушысынан үлесін еріксіз түрде сатып алу туралы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар Серіктестіктер туралы» Заңының 34 бабына сәйкес шешу;

9) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге беруді бірауыздан қабылдап шешу;

10) Серіктестіктің мүлкі қатарына қосымша жарналарды салуды «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар Серіктестіктер туралы» Заңының 39 бабына сәйкес шешу;

11) Серіктестіктің қатысушысының үлес алушыларға серіктестіктің іс-әрекеті туралы мәліметтер ұсыну тәртібін және мерзімін бекіту.

14.2. Серіктестіктің жоғарғы органы Серіктестіктің қызметіне байланысты кез-келген мәселені қарауға құқылы.

14.3. Атқарушы орган ретінде Қатысушыға есеп беретін және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастыратын Директор болады. Директор Құрылтайшымен тағайындалады. Директор Құрылтайшымен тағайындағанда еңбек қарым-қатынастары еңбек туралы заңмен реттеледі.

14.4. Серіктестіктің Директорының өкілеттіктері:

-іс-әрекеттерін Серіктестік атынан сенімхатсыз атқарады және оны мемлекеттік, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар мен мемлекеттік органдарда өкілдейді;

-серіктестіктің мүддесін өкілдейтін сенімхаттарды береді, соның ішінде басқаға сенімдеу құқығы бар сенімхаттарды;

-серіктестіктің жұмыскерлеріне қатынасты, оларды қызмет орындарына тағайындау, оларды басқа қызметке ауыстыру немесе жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы жүйесін белгілейді, жалақы мен арнайы төленетін үстемақының мөлшерлерін белгілейді, сыйлық беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазаларды белгілейді;

-ең жоғары органының ерекше құзыретіне кірмейтін басқалай өкілеттіктерді жүзеге асырады.

14.5. Серіктестік Қазақстан Республикасында қолданылатын ережелер бойынша өзінің қызметінің нәтижелерін бухгалтерлік есептеуді, статистикалық және қаржылық есеп беруді атқарады. Есептеудің және есеп берудің нақтылығын және жүргізу тәртібін сақтамағаны үшін Серіктестік заңдарға сәйкес жауапкершілікті атқарады.

14.6. Тексерулерді өткізу үшін сырттан аудитор тартылуы мүмкін.

15-тарау. Серіктестік қатысушыларына және үлеске ие болушыларға серіктестік қызметі туралы мәліметтер ұсыну тәртібі және мерзімі

15.1. Серіктестіктің атқарушы органы Серіктестік Қатысушының және үлестерді сатып алушыларға жазбаша сұраныстары бойынша Серіктестіктің қызметі туралы құжаттар мен ақпаратты, сонымен қатар қаржылық есебі мен олар бойынша жүргізілген тексеру комиссиясының (ревизордың) қорытындысын және

аудиторлық ұйымның есеп кезеңі бойынша есебін емін-еркін танысу үшін серіктестіктің атқарушы органының мекен-жайында сұраныс түскен күннен бастап бір ай ішінде ұсынуы тиіс және Серіктестік Қатысушысына танысуға ұсынылған құжаттардың көшірмесін тегін түсіріп алуға мүмкіндік жасалуы тиіс.

16-тарау. Серіктестіктің таза табысын бөлу

16.1. Серіктестікпен нәтижелер оның қызметінің үшін жылды, алған таза табыс сәйкес мен қатысқандардың шешімінің үлестіріледі.

16.2. Серіктестіктің ықтимал шығындары егер оның жаралғанының серіктестікте арқасында сақтық қордың жамылады. при сақтық қордың ақы-пұлының мінінде немесе егер сақтық қордың болмағандығының туралы шығынның жабындысының бастау шешім қатысушылар қабылдайды

17-тарау. Серіктестіктің қызметі жөніндегі ақпарат

17.1. Серіктестіктің қызметі жөніндегі ақпарат, серіктестіктің қатысушысына, болмаса үлесін алушыларына сұрақ түскен күннен бастап бір ай ішінде жазбаша түрде беріледі.

17.2. Серіктестіктің қызметі туралы кез келген мәлімет Заңның 17 бабының 7-1тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарда жарияланады, атап айтқанда Қазақстан Республикасының баспа шығарылымы «Юридическая газета» түрінде беріледі.

18-тарау. Серіктестіктің еңбек ұжымы

18.1. Директор қызметкерлерді жеке еңбек шарттар негізінде жалдауға құқылы.

18.2. Серіктестік қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтарды беруді кепілдейді.

18.3. Әрбір қызметкердің жалақысы максималды мөлшермен шектелмейді және бекітілген ережелер бойынша оларға салық салынады.

18.4. Мемлекеттік тарифтерді біліктілігі бірдей жұмыскерлер мен мамандардың еңбек ақысының минималды төлемақысы ретінде кепіл ете қарастыра отырып, Серіктестіктің өзі еңбекақыны төлеу үлгілері мен жүйесін белгілейді, жеке еңбек шарттарында тарифтік ставкалар мен жалақылардың мөлшерлерін көздейді.

18.5. Серіктестік барлық қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз етуге міндетті және денсаулықтары мен еңбек қабілеттіктеріне келтірген залал үшін заңдармен белгіленген тәртіп бойынша жауапкершілікті атқарады.

18.6. Қызметкерлердің жыл бойындағы орташа саны 50 адамнан аспауы тиіс.

19-тарау. Серіктестіктің қызметін тоқтату

19.1. Серіктестіктің қызметін тоқтату, тарату немесе қайта құру Қатысушысының немесе соттың шешімі бойынша атқарылады.

19.2. Серіктестік өзінің қызметін келесі негіздемелер бойынша тоқтатады:

1) егер жарғылық капиталы кемуі нәтижесінде оның мөлшері ең төменгі көрсеткіштен азайса;

- 2) егер қатысушы жарғылық капиталды заңдармен белгіленген мерзімдерде құрмаса;
- 3) банкрот болып қалса;
- 4) Серіктестіктің құрылуы кезінде заңмен түзетілмейтін құқық бұзушылықтар орын алып, оның тіркелуі дұрыс емес деп табылса;
- 5) тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз), немесе заң актілерімен тыйым салынған, немесе заңдарды бірнеше рет өрескел түрде бұзумен қызмет атқарылса;
- 6) қайта құрылатын болса;
- 7) заң актілерімен көзделген басқа негіздемелер бойынша.

19.3. Серіктестікті қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, жаңарту) заңдармен көзделген тәртіп бойынша өткізіледі.

19.4. Серіктестікті таратуды қатысушымен немесе сотпен тағайындалған таратушы комиссия өткізеді. Таратушы комиссия тағайындалғаннан бастап оған Серіктестіктің істерін басқару бойынша өкілеттіктер тапсырылады.

19.5. Тарату қолданылатын заңдармен көзделген тәртіп бойынша атқарылады.

19.6. Тарату өткізілді, Серіктестік өз қызметін тоқтатты деп бұл туралы жазбаны заңды тұлғалардың біртұтас мемлекеттік регистріне енгізген сәттен бастап саналады.

19.7. Осы жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде заңды күші бірдей бір данада толтырылды.

